

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшелеріне

2022 жылғы 15 маусымдағы
№ ДС-201

Құрметті депутаттар!

Футболды дамыту мәселелеріне қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстанда спорттың бұл түрімен жүйелі түрде 800 мыңнан астам адам шұғылданады, оның 62 %-ы ауылдық жерлерде. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде футболмен 37 мыңнан астам бала айналысады. Футболмен айналысу үшін 280 стадион және 148 футбол манежі жұмыс істейді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні 400-ден астам дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бар, олардың көпшілігі футбол алаңдарымен қамтамасыз етілген. Жалпы білім беру және спорт мектептерінде 7 000-нан астам футбол алаңдары қарастырылған. Кәсіби клубтардың жанында 7-18 жастағы 7 мыңға жуық баланы қамтитын 17 футбол орталығы мен екі академия қызмет етеді.

Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – федерация) қызметінің негізгі бағыттарының бірі – жаттықтырушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру. Федерация УЕФА-ға қосылып, еуропалық әдістемелер бойынша мамандар даярлау құқығына ие болды. Түрлі деңгейдегі жаттықтырушыларға Еуропа елдерінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін санаттар тағайындалды. Курстарды, сабақтар мен семинарларды өткізуге отандық және шетелдік мамандар белсенді тартылуда. Соңғы 10 жылда федерация УЕФА-ның 700-ден астам бапкерін даярлады.

Анықтама: 224 жаттықтырушының PRO лицензиясы бар, 20 жаттықтырушының А лицензиясы бар, 235 жаттықтырушының А Elite Youth лицензиясы бар, 243 жаттықтырушының С және В goalkeeper лицензиясы бар. Сондай-ақ кәсіби футбол клубтарының мамандарын даярлау және қайта даярлау бойынша бағдарламалар енгізілді:

фитнес-жаттықтырушылар, футбол дәрігерлері, менеджерлер, талдаушылар, футбол алаңдарының агрономдары.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 28 кәсіби футбол клубы өнер көрсетеді, оның ішінде 14 клуб премьер-лигада, 7 – бірінші лигада және 7 – екінші лигада.

Халықаралық тәжірибенің негізінде 2015 жылы Қазақстанда футбол жарыстарын өткізу регламентіне «қазақстандық футбол тәрбиеленушісі» деген ұғым енгізілді.

Анықтама: «Қазақстан футболының тәрбиеленушісі» – азаматтығына қарамастан, 12-21 жас аралығындағы үш жыл бойы Қазақстанда футболшы ретінде тіркелген тұлға.

Елімізде тіркелген 333 кәсіби футболшының 210 (63%) қазақстандық футболдың тәрбиеленушілері.

Футболдан ұлттық чемпионаттың ережесіне сәйкес премьер-лига клубы 8 легионерді ғана мәлімдей алады, бір уақытта алаңға 6 легионер шыға алады. Бірінші лиганың клубтары 3 легионерді ғана шақыра алады. Қалған футболшылар қазақстандық футбол тәрбиеленушілері болуы тиіс. Екінші лига клубтарына легионерлерді шақыруға тыйым салынған.

Баяндалған шаралар футболдан спорт резервін нығайтуға мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов